

## Республикалық баға комиссиясы туралы ережені бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 23 желтоқсан N 1456. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.28. N 1035 қаулысымен.

"Астықты және басқа да ауыл шаруашылығы өнімін экспортқа шығару тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 желтоқсандағы N 1397 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республикалық баға комиссиясы туралы қоса беріліп отырған

ереже бекітілсін.

2. "Астықты және басқа да ауыл шаруашылығы өнімін экспортқа шығару тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 желтоқсандағы N 1397 қаулысының 6-тармағының бірінші және екінші абзацтарындағы "ауыл шаруашылығы өнімін" сөздері алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 23 желтоқсандағы

N 1459 қаулысына

Қосымша

Республикалық баға комиссиясы туралы

Ереже

Жалпы ережелер

1. Республикалық баға комиссиясы "Астықты және басқа да ауыл шаруашылығы өнімін экспортқа шығару тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 желтоқсандағы N 1397 қаулысын орындау үшін құрылды.

Респубикалық баға комиссиясы (бұдан bylай - Комиссия) контрактілерді сараптайтын және Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілері өндіретін және экспортқа шығаратын астық пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын бақылайтын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдары мен өзге де нормативтік актілерін, сондай-ақ халықаралық шарттарды, келісімдерді және осы Ережені басшылыққа алады.

#### Комиссияның міндеттері мен өкілеттігі

3. Комиссияның негізгі міндеттері астық пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің төмен бағамен сатылуына жол бермеу және аталған өнімдер бағасының әлемдік рынок бағаларына сай болуын бақылау, сондай-ақ астық пен ауыл шаруашылығы өнімдеріне жасалған экспорттық контрактілерді сараптау болып табылады.

4. Астық пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын бақылау мақсатында Комиссия:

Үкіметаралық келісімдер бойынша жасалған барлық экспортқа шығару контрактілеріне;

көлемі 1000 тоннадан асатын астықты экспортқа шығару жөніндегі контрактілерді;

мақта талшығы, былғары шикізатына, былғарыға, биязы жұнгеге, марал мүйізіне, қойдың ішек-қарнына жасалған экспортқа шығару жөніндегі контрактілерді сараптан өткізеді.

5. Өз қызметінде Комиссия биржалық ақпарат пен тауарлардың әлемдікрынокта және Қазақстан Республикасында айналымда болуын пайдаланады.

6. Комиссия облыстық (аймақтық) комиссиялардың қызметін үйлестіреді және олар үшін әдістемелік нұсқаулықтар әзірлейді.

#### Комиссия қызметін ұйымдастыру мәселелері

7. Республикалық баға комиссиясының қызметі Комиссия әзірлеп, оның Төрағасы бекіткен Ережелер бойынша жүзеге асырылады.

8. Комиссияның адам санын, жеке құрамы мен төрағасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Комиссияның құрамына Комиссияның биржадағы тұрақты өкілі болып табылатын Халықаралық Қазақстан агроОнеркәсіп биржасының қызметкері кіреді.

9. Комиссияның Төрағасы Комиссияға жүктелген қызметтердің орындалуына жеке жауап береді және Комиссия мүшелері арасында міндеттерді бөледі.

10. Комиссия мәжілісі кемінде аптасына бір рет өткізіледі.

11. Мәжілістің өткізілетін орны - Халықаралық Қазақстан агроОнеркесіп биржасы.

12. Комиссияның өз мүшелерінің қолын куәландыратын атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртаңбасы болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК